

1 2007
462к

ІЛІЯС
ЕСЕНБЕРЛИН



АЙКАС

ІЛІЯС ЕСЕНБЕРЛІН

АЙҚАС

РОМАН

«ЖАЗУШЫ» БАСПАСЫ, АЛМАТЫ — 1966 ЖЫЛ

Жақсылық пен жамандық, шын дарын иесімен жалған гылымпаз, мансапқор, даңққұмарлық арасындағы тартыс, бітіспес күрес талай ғасырдан шығармада желі, өмір таразысы бол келе жатқаны кімге де болса белгілі. Адамның мінез-құлқы, талғам-талабы, бойындағы ізгілік пен қайсарлық, өрлік пен ерлік атаулы сол өмір өткелінде қалыптастып, ширығады, толысады.

Жазушы Илияс Есенберлиннің «Айқас» романындағы жас геолог Бекайдар Әжімов, Дәмелі, Васильевтер міне осындағы күрес жолында, жалған ғалым Нұрке, мансапқор Еламановтармен тартыс үстінде шыңдалады. Дәурен, Жариков сијекты ізгі жандардан тәлім алып, халқының алдында ар-үзданын жоғары ұстайды үйренеді. Автор бұл романында қазіргі замандастарымыздың әділетшіл, еңбеккер, қайсар тұлғасын жасайды.



I

Адыр, бүйрatty, ұшы-қыры жоқ Саят даласында таң бозарып атып келе жатты. Дәл осы мезгіл болуы керек, Еңлік пен Қебектің де, жұрт көзінен сескеніп, амалсыздан ажырасқан шағы. Осы мезгіл еді, айлы тұнді бірге өткізген, біздің Бекайдар мен Дәмелінің де коштаса бастағаны...

Бұлардың тұрған жері — екі жағын бірдей шоқылы жартастар көмкерген жылғаның жағасы. Жылғаны куалап, самал жел баяу еседі. Салқын леппен бірге көгал шөптің таңғы жұпар иісі мұрныңды жарады. Жыра түбінде әлі сарылып бітпеген жазғытурымғы қар сұнының сылдырлай акқан күміс күлкісіне, таң сәріден сайраған қара торғайдың үні косылып, әлемді бір таңғажайып куанышқа бөлеуде. Осы бір атып келе жатқан тан құшағында тұрған қыз бен жігіт аса көңілді, жайдары болатын-ды. Жігіт орта бойлы, кең жауырынды, жиырма төрт-жиырма бестер шамасында. Қара торы бетің күн шалып қошқылданып кеткен. Бір көрген адамның есінде қаларлықтай келбетті, ойлы көзді. Басындағы бөрік сеқілді қалың қара шашы жатқызуға келмей, тіп-тік болып ұйыса біткен. Жасынан дене шынықтыру өнерімен шұғылданғандығынан ба, әлде жаратылысынан солай ма, жігіттің күш иесі екені бірден көзге түседі, төртбақ келген шымыр дене құрылсы граниттен ойған сұлу мүсін тәрізді, қар еттері бөлек-бөлек.

Бұл биыл ғана Москвандың кең зерттеу институтын бітіріп келген, осы Саят геологиялық экспедициясының бастығы Әжімов Нұркенің жалғыз баласы Бекайдар еді...

Қыз кең жауырынды жігітке қарағанда, жаңа толыға бастаған жас қайыңның касындағы тал шыбық тәрізді, талдырмаш денелі үлбіреген бір нәзік жан. Жіңішке белі үзіліп кетейін деп тұрғандай. Аққұба, қыр мұрынды. Қою қара шашы тізесінен аса жерге төгіле түсіп тұр. Қас-қабагы қызып, үлкен қара көзін аудара қарағанда, жаңында тұрған жігіттің жүргегі қуаныштан өртеніп кетердей. Құлқісі де, сөзі де сүйкімді, жігіт жүргегіне ыстық...

Бұл таңғы ғұл секілді әдемі қыз, жақындаған Алматыдагы қыздар институтын бітіріп келген Дәмелі Хасенова еді.

«Таң бозарып, қараңғы туң серпіліп,
Қыз жүзінен қарагандай күн күліп...»

деп Низами айтқандай, тұн қараңғысы серпіле, осынау ағарып келе жатқан таңмен бірге қыздың да сұлу ақшыл жүзі айқындала түсті. Жас сұлудың нұрлы көзі жүрегін өртей түскен жігіт, осынау әдемілік еріксіз тартып әкеткендей, шыдай алмай, қыз колынан ұстап өзіне қарай тартты. Қыз да жігіт ырқына көніп; аяғын былқ-сылқ басып, оның құшағына кіре берді...

Әттең дүние-ай, махабbat айызы адам жанының күмарын бірден қандыра алмайтын айыз ғой, олар сүйіскен сайын, бұрынғыдан да шөлдей түсті.

Дәл осы минутте бұлардан асқан бақытты жан бар ма еken?

Әсіресе:

«Аспаңда ай болмаса адасады,
Көнілді күлмей жүрсө кір басады,
Кеудесі қыз байғустың алтын сандық,
Сандықты кілт болмаса кім ашады»,—

дегендей, сол алтын сандықтың кілтін тауып, қыз жүргінің сырын ашқан жас жігіттей кім бақытты еken?

Адам баласы ақ айдынға жиналған ақку-қаз тәрізді, өмір деген ұлы жәрменкеге шар тараптан бас қосады. Және сол жиында қандай жан болмасын, әлдеқалай аңғармай қалмаса, өзін жақсы көретін бір адамын кездестіреді. Бұл кездесу кейде қуанышпен, кейде қайғымен аяқталады. Бірақ дүниеде бірі үшін бірі жарапан екі

адамның болуы сөзсіз. Егер айқыш-ұйқыш, сан сүрлеулі өмір торабында осы екі адам бірін бірі таба алса, бұл жалғанда олардан бақытты жандар жоқ. Дәмелі мей Бекайдар да осындай жандар еді.

Бұлар алғашқы рет осы Саят даласында кездесті. Ал Саят даласы қазақтың көне қонысы. Қазір үстін селеусе, ши, кей жерін жусан, баялыш, изен, жыңғыл жалқанменен, ерте кезде бұл араны су басқаны да көрініп тұр, кей тұста әлі өшіп бітпеген қабақ соқты, қабырга жол су шайған іздер көзге түседі. Және осы, кейде Балташи, кейде Саят даласы деп аталатын, сонау атакты Мысқоныры шоқысынан Кемпір төбөгө дейін созылған кең алқаптың құшағында адам таңқаларлық кен қоймалары жатыр. Мұнда мыс, қорғасын, алтын, молибден, вольфрам — бәрі де бар.

Міне осы жалпақ далада Бекайдардың әкесі Нұрке басқарған Саят кен зерттеу экспедициясы орналасқанды. Құн батысында елу километрдей жерде Балташи көлі, құн шығысында — жұз елу километрдей жерде Кемпір төбе станциясы.

Бұл экспедиция бірінші, екінші, үшінші, төртінші, бесінші Саят деп аталатын бес кішкентай поселкеден тұрады. Арапары төрт-бес шақырым жер. Поселке біткеннің бәрі кішкентай ағаш үйлермен, сол араға жақын жерден көшіп келген қазақтардың шымниан құйып салған қақыраларынан құралған. Бірнеше шатырлар да бар. Азықтүлік Кемпір төбеден тасылады да, су кен ізден бүрғыланған терең скважиндардан тартылады. Поселкелер қыр, жотаның арасында тұрғанмен де, бұл арада желсіз бір құн болмайды. Жаздың ашық күнінде де аңызак ыстық жел гүйдеп соғады да жатады.

Міне осы Саят даласына Бекайдар алғашқы рет былтыр жазда келген-ді.

Ертеңіне экспедицияның геологиялық лабораториясына бара жатып, поселканың ортасындағы қыздар жатақханасының жанында кітап оқып отырған акқұба қазақ қызын көрді. Бекайдар таңдана қарады. «Бұнда қайdan келді екен? Сірә, Алматы институтынан болар... Сонда ғана геологиялық мамандыққа оқып жүрген қазақ қыздары бар дейтін еді мой», — деп ойлаған. Артынан барып оның қыздар педагогикалық институтында оқытынын білді. Осындағы бастауыш мектепке тәжірибе жұмысын өтеуге келіпті. Бірақ таныса алмады. Өйткені көп

кешікпей Бекайдар жұмысқа үшінші Саятқа жүріп кетті де, Дәмелі орталық Саятта қалып қойған.

Жұрт орталық Саятқа тек демалыс күндері ғана бас коса алатын. Дәмелі мен Бекайдардың бірден танысып кетуіне бір жағынан осы жер шалғайлығы кедергі болса, екінші жағынан Дәмелінің өзі де кінәлі еді. Жасынан кітап құмар, ұяқ мінезді қызы, жұрт көзіне түсе беруді орынсыз көрді, бос уақытында тіпті жатақханадан шықпай қойды. Дегенмен, бұл екеуі жоқ жерден тағы да кездесті.

...Сенбі күні еді. Жаздық жаңа гүлденіп келе жатқан кезі болатын. Өсімдікке бәлендей бай болмаса да, жыра, ойпаттарында қау, изен ду ете қалып, Саят даласының белесті алаптарында да қияқ, жусан, көкпек те қаулай өссе бастаған... Жазық жерлерінің үстін көде, шокташуға айналған шие жауып, жер беті сәндene түскен-ді. Дәмелі қолына кітап алып, жұмыс біткеннен кейін азырақ серуендеп келейін деп поселка сыртына шықты. Ол поселкенің күнгей жағындағы қызғылт тасты қырқалардың арасымен ақырын ыңырси өлең айтып келе жатты. Ойға шомып кеткен. Қандай қиял билеп әкеткенін адам біліп болар емес, тек мөлдір көзі түманданып, жан-жағына самарқау қарайды. Осы кезде жақындау тұрған тәбешіктің бұрыла беріс қойнауынан бір салт атты шыға келді. Құтпеген жерден пайда болған атты кісіден, Дәмелі сәл щошып та қалды. Тағы бір каратеке Бекайдар екенін көрді. Сірә отрядтан орталық Саятқа келе жатқан болуы керек. Албырт жүрек құтпеген бір шаттықты сезді ме, кенет дір етеп түсті. Жігіт қатарласа жақындал, атының басын тежей:

— Амансыз ба, қарында? — деді.

— Өзіңіз де амансыз ба?..

Жігіт қалжындай сейледі.

— Айдалада неге жалғыз жүрсіз?..

— Қалғызыбын ба? — Қыз әлі Бекайдардың бетіне қараған жок.— Қиялым, ойым серігім емес пе?..

Жігіт Дәмеліге таңдана көз тастады. Салмақты, биязы даусында бір әдемі сезімнің үні жатқан тәрізді. Болмашы сұраққа берген жауабында да, адамға ой түсірерлікте мағна бар. Бекайдар енді атынан түсіп, қызбен қатарласа журді.

— Колыңыздығы не кітап?

— Стендальдің «Махаббат туралы трактаты».

— О-о!

Дәмелі жігітке бұрыла қарады.

— Неге таңдаңдыңыз?

Жігіт жауап қатпады. Қыздың жаңағы бір жаудырай аударған көз қарасынан жүргегіне ойламаған жерден бір шок түскендей, өзінен өзі сабырсыздана қалды. Бір бозарды, бір қызарды, жан сезімінің тұнғиғында кенет асау толқын туып, мазасын ала бастағандай. Екеуі катар келе жатыр. Қыз сәл алда.

— Колыңыздың трактатқа қарауға болар ма екен? — деді Бекайдар әлден уақытта.

Дәмелі үн-тұнсіз кітабын берді. Жігіттің неге қысылып қалғанына қыз да аң-таң. Көзінің қызығын Бекайдарға аударды. «Сірә томырық мінезді болу керек» деді ол ішінен. Бекайдардың кірпінің түгіндегі тіп-тік, қалың шашын көргенде жымия күлді. Есіне өзімен бірге өскен Дос дейтін бір жолдасы түсіп кетті. Оның да шашы дәл осындағы қалың еді. Қалыңдығы соншалық, тіпті қыстың қақыраған сұқтарында Дос жалаңбас жүретін. Жолдастары оны бір жағынан мазақ ете, екінші жағынан басының тоңбайтынына таңданып «темір бас» деп атайдын. Оның үстіне Дос өте қайсар, бір айтқанынан кайтпайтын жігіт еді. Неге екені белгісіз, Дәмелі ішінен «бұда Дос секілді қайсар жігіт болуы керек», — деп үйғарды.

Бекайдар кенет тоқтай қалды да, кітаптың ашық бетіндегі жазуды даусын шығара оқи бастады.

«Менде махаббатта интуиция бар ма екен деген ой үнемі туады? Егерде Ромео айтпаса, Джулєтта оның өзіне деген сезімін ұғар ма еді?» — Жігіт қызға қарады. — Сіз бұған не айтасыз?

— Егер Джулєтта да жақсы көрген болса, Ромео айтпай-ак ұғар еді.

— Ал жақсы көрмесе?

— Онда Ромео қыздың ұқпағанынан оның өзін жақсы көрмейтінін түсінер еді... — Дәмелі жымия күлімсіреді. — Қыз жүргегі сезімтал келеді, егер жігіт көнілін аңғармаған болса, онда оны жақсы көрмегені...

— Ие, солай болуға тиісті... — Бекайдар ойланған тіл катты. — Біреуді жек көргеніңді жасыру жеңіл, жақсы көргеніңді жасыру қызын, ал оған немқұрайды қара-саң — оны білдірмей қалу тіпті мүмкін емес деген екен бір адам...

— Ол кім екен?

— Мен секілді бір байғұс та...

— Сіз байғұссыз ба? — Кыз жалт қарап күліп жіберді.

— Мен байғұс болмағанда кім байғұс болады? — Жігіт қалжындаған болып ойын бірден айтып салды. — Келгеніме біраз уақыт болып қалды... Ал сіз... — Ол енді қызға қуле қарады, — маган ең болмаса бір рет те мойныңызды бүрмадыңыз фой...

— Танымайтын адамыңызға бұл өкпеніз артық емес пе?

Бекайдар қуанып кетті.

— Олай десеніз, таныс болайық: Бекайдар Әжімов, — деп қолын ұсынды.

Кыз танысқысы келмегендей, қолын самарқау созды.

— Дәмелі Хасенова...

Көп кешікпей бұлар поселкеге келіп те жетті. Ара拉丁ады жаңа басталған сөз аяқталмай қалды.

Ертеңіне Бекайдар Дәмеліні еш жерде көре алмады. Мұғалима қыз асханаға да келмеді. Дәмеліні іздең қыздар жатақханасына баруға жігіттің батылы жетпеді және ерсі көрді. Ал жексембі күні кешірек тұрып, бір жерде кітап оқып отырған шыгар деп поселка маңайын жаяу шарлап шықты. Дәмелі көрінбеді. Бекайдар енді поселкеге қарай беттегенде бір төбенің етегінде шоқып кітап оқып отырған қызды көреді. Жүргегі дүрсіл қағып, асыға басып жанына келді. Бірақ қыз қарамады. Бұның жанына келгенін сезді ме, сезбеді ме, белгісіз. Тізесінің үстінде кітабы. Бір қолымен мәндайын тіреп тапжылмай қатып қалыпты. Жігіт дыбыс беріп:

— Дәмелі... Дәмеш... — деді ақырын.

Кыз естімеген адам тәрізді, сол отырған қалпынан қозғалар емес. Бекайдар қобалжиын деді. Енді ол қолын сабырсыздана созып қыздың иығына тигізді.

— Дәмеш...

Кыз иығына тиген колдан шошып кетті. Селк етіп, Бекайдарға жалт бұрылды. Жігіт Дәмеліге бұрынғыдан да қобалжи қарады. Қыздың мөлдіреген қара көзі жасқа толы.

— Сізге не болған?..

Кыз орнынан ұшып түрегелді. Жасқа толған көзі күлімсірей түсіп:

— Жай әншейін... «Шұғаның белгісін» оқып отыр

едім, өзімді өзім үстай алмай қалдым. Қандай өкінішті махаббат!— деді ол кенет томсара қалып.

Осы әңгімен кейін бұлар жиі кездесетін болды. Біріне бірі сырларын да айта бастады. Осы үзак кездесу, сырласу бірін-бірі бір күн көрмесе сағынып қалатын күйге жеткізді. Жас адамды билейтін көбінесе сезім дүниесі. Басқаға деген қуанышың да, қайғың да содан туады. Дәмелі мен Бекайдар осы сезімнен пайда болған араларындағы жастық қуаныштың, достықтың қалай үлкен махаббатқа айналғанын өздері де анғармай қалды. Ақырында барып бұл екеуі институттарын бітірісімен келесі жылы осы Саят поселкесінде, жас тілектерін мәңгі баки бірге қоспак болды.

Міне сол уәделескен мезгілдері жетіп, институттарын бітіріп екеуі де Саятқа келді. Бекайдар экспедиция кен зерттеушісі болып белгіленді де, Дәмелі-орталық Саяттағы бастауыш мектептің төртінші бөлім мұғалимасы қызметіне тағайындалды. Саятқа келгендеріне оншакты күн болып қалған. Жақында тойлары болмак. Бүгін бұлар алдағы тойдың жайын, өмір, болашақ күндерін әңгіме етіп жүріп, таңың атқанын да білмей қалды. Қазір Бекайдар өзінің отрядына қайтпақ. Бірақ бірін-бірі жақсы көрген екі жас әлі де айырылар емес, бірін-бірі қияр емес.

Осы кезде көкжиекті қызыл жалқын бояуга малындыра күн де шыға бастады. Екі жастың нәзік сезімді махаббатын үркітіп алмайын дегендей, күн көзі ең алдымен сонау алыстағы белестен шетін ғана көрсетіл, содан кейін барып, қыз бен жігіттің жайдары жүзіндегі ләззэт нұрын құлпырта түсе, бірте-бірте жоғары көтеріліп, кенет сәулесін төге жөнелді...

Алтын шапаққа көмілген дала да жайнай түсті. Біртал шәбі жоқ аксор, тақырлар күн сәулесімен шағылысып, алыстан ак айдында жалтырайды. Үйдім-үйдім төбешіктердің басында шоғырлана үйисқан қазандай-қазандай қызығылт шақпақ тастар көгілдір аспан аясында, үстеріне қан төгілгендей қып-қызыл болып көрінеді... Жалпақ шөлді далаға жабыса біткен сұрғылт өнді көкпек, түтін іспеттес көкшіл жусан, сабактары сәл көгілдір тартқан ойдым-ойдым баялыш пен қызығылт бұталы жыңғыл, осынау түссіз сұрғылт өнірге жапқан әшекейлі алып кілемнің сан бояулы түгі тәрізді. Жайшылықта сұлықсыз, сұрғылт, әр жері бұжыр адамның бетіндей

ойлы-қырлы төбешікті, жартасты Саяттың көз жетпейтін жалпақ өлкесі, қазір осы күн шығып келе жатқан кездे қиялдағыдай әп-әдемі. Жаз басында жасыл тартқан өсімдіктерінің толыға бастаған осы бір мезгілі қашан да болса тамаша сұлу, таңғажайып сәнді.

Бекайдар анандай жерде жоғарғы жағы сүйірлене көрінген дала шпаты ақ тасының үстіне барып отырды. Жан-жағына ойланған қарады.

— Құлазыған ку дала,— деді ол өзімен өзі сөйлескендей күбірлей,— ал қаза бастасаң, кездеспейтін кеңі жок.

— Жер астында жатқан сол кен байлығын сендер қалай табасыңдар, таң қалам,— деді Дәмелі Бекайдарға көз тастап.

— Ең қымбат байлық жер астында емес, адам жүргінің түбінде...

— Ол не байлық?..

— Махаббат!— Бекайдар Дәмелінің қолынан ұстады.— Сол махаббат үшін... саган деген махаббатым үшін өмірімді сарп етсем арманым жок...

— Онда өзгеге нең қалады?— деді қыз еркелей күліп,— жок, Бекайдар, сен бар өмірінді еліңе, жұртыңа арна. Сонда мен де риза, менің махаббатым да риза...

— Уәде, уәде,— деді жігіт қыздың тілегін қабылданғанын білдіргісі келгендей талдырмаш белінен құшақташ.

Сөйтті де ол жаңа оянып келе жатқан табиғатты шошытып алмайын дегендей, қоңыр даусызымен ақырынғана ыңырси ән сала бастады.

Ат кайда акбақайдай шаппай желген,
Қыз қайда құдашадай көзі құлген.
Алыстан ат терлетіп келгенімде,
Шакыртпай еш адамға өзі келген.

Бекайдар өлеңнің алғашқы сөздерін айта бастаған-нан-ақ Дәмелі де өзінің күмістей таза, әдемі жіңішке даусызымен қосылып кетті. Қазақтың үл мен қызының өзінің кең даласында халқының сұлу әнін айтқаны қандай жарасымды! Осы бір ән күн нұрына шомыла бастаған жер мен көкті куанышқа бөлгендей!

Өлең бітісімен Дәмелі жымия күлді.

— Мынау өлеңің дәл маған арналған секілді гой.—

Сейтті де сылқ-сылқ күле өлеңнің ақырғы екі жолын тақпақтай қайталады:

... Алыстан ат терлетіп келгенімде,
Шақыртпай еш адамға өзі келгей.

Кыз енді еркелей қарады.— Рас маған ариадың ба?..

— Саған, саған!— деді жігіт те күлімдей,— өлеңім де, өнерім де саған арналған.

Көп кешікпей жігіт, енді той алдында келмек болып, анандай жерде жайылып жүрген атына мініп, отрядына жүріп кетті.

Бекайдар көрінбей кеткенше Дәмелі орнынан қозғалмады. Сонынан қарай-қарай қала берді. Тек жігіт белестен асып жок болған кезде ғана барып:

— Махаббат сен қандай тамаша едің. Куанышың төбемді көкке жеткізгендей болды ғой!— деді даусын еркін шығарып.— Өмір бойы осындағы қызығылжықты бола аласың ба?

Аздан кейін қызыңға, төбелерді аралап кейін қарай жүрді.

Ал осы төбе, жартастардың арасында Бас Саят поселкесі тұр. Поселкенің ортасындағы жалғыз аланда қалай болса солай тастай салған түрлі жер қазатын механизмдер — машиналар жатыр. Таң атқаннан бері коймалардың, сырланбаган есіктерінің ашып-жабылған шықырлары тынымсыз естіледі. Устеріне березентпен тыстаған қысқа пешпет киген жұмысшылар бензин, солидол, солярка құйылған бөшкелерді машиналарға артып жүр. Шамасы, алыстағы бүргылау станоктарына жіберілмек. Кейбір үйлердің маңайында бірен-саран кісі, топтанып ойнаған балалар көрінеді.

...Бұғін дем алыс күні еді. Аспан айнадай ашық. Поселке сырт қараған адамға өзінің күндегі қалпындағысындағы тып-тыныш, жайбарақат жатқан тәрізді. Ал, дұрысында, бұнда бұғін өзгеше жүріс-тұрыс байқалады. Ен шеткі ұзынша келген барактың — асхананың жанында бірнеше адам көрінеді. Ерекек әйелі аралас. Дегенмен әйелдер көбірек. Олар асхана ішін сәндene бәзендеріп, енді сыртқы барак жанындағы алаңға да столдар қойып жүр. Бұғін бұнда той болмақ. Той болғанда қандай, қазактың ескі дәстүрі бойынша ат шаптырып, көкпар тартылмағанмен де, өзінің әліне қарай үлкен той болмак. Бұл той үшін Балташы қаласындағы ресторанның өдeї

ас дайындастын кісілер шақырылды. Бірнеше жеңіл машиналар жіберіліп нелер әдемі шарап, коньяк, шампандар алдырылды. Әдейі ариалып істелген бал-құймак, тәтті тағамдар да жеткізілді. Қой сойылып, қазан көтерілді.

Тойды дайындаушы — жігіт жагы. Баланың экесі — белгілі кен зерттеушілердің бірі Нұрке. Қазір өзі осында. Тойға даярлықтың қалай жүріп жатқанын қарап терезе алдында тұр. Бұл ұзын бойлы, кара сұр адам. Жасы елуден асып кетсе де, басында бір тал ақ шаш жоқ, алшақ қеуделі, балуан денелі, ызбарлы бетіне жөнді әжім түспеген, берік кісі. Жүріс-тұрысында үлкен тәкеп-парлық, пандық белгі бар. Қатыгез мінезді жан екені түрінен-ақ байқалғандай. Бірақ жалғыз баласының қызығынан қаражатын да, мейірімін де аяр емес. Сондықтанда ол «тағы не жетпейді?» дегендей стол үстіне назарын аса аудара қарайды.

Дәл осы кезде Нұркенің жанына Еламан келді. Бұл шегір көзді, қатқан сары, егде кісі. Тойды дайындаушының бірі — экспедицияның жабдықтау бөлімінің бастығы. Жасының келіп қалғанына қарамай қимылы шапшаң, лыпылдан тұрған бір адам...

— Нұркеке, Хасен әлі жоқ,— деді Еламан сәл қырылдай сөйлеп,— Күтеміз бе, қайтеміз?

— Оның келгенінен келмегені жақсы емес пе?— Нұркек Еламанға зілдене қарады.— Одан да дастарханыңың камын ойла. Конъягің аз ба, қалай?..

— Солай ма екен?— Еламан көзін жүгіртіп стол үстін қарап шықты.— Дұрыс айтасыз... Ана бір столдарда аз секілді — сөйтті де ауыз үйдегі біреулерге айқай салды.— Тағы бір шере самтрест конъягін әкеліңіздер...

Еламан тойды көңілдегідей өткізбек бол шыр көбелек айналады.

Біреулер оның бұлай жан сала қымылдауын бастыққа жағыну деп ұкса, кейбіреу ағалық борышын дұрыс ат-қарғысы келгені деп түсінді... Еламанның мұншама жанталасуында басқа бір құпия сыр бар екенін ешкім де білмейді, ойларына да келмейді. Эйтеур жігіттің үйлену қызығына дайындық ойдағыдай жүріп жатты. Әттең не керек, бұл қызыққа Дәмелі жағынан қатынасатын жан жоқ. Алматыдағы аңшылар Одағының агенті, экесі Хасенге телеграмма бергенінс бір жетіден асып кетті, бірақ, ол қызының тойына келе ала ма, келе алмай ма, кім біл-

сін... Жақын дегендегі жанындай жақсы көретін жалғыз әкесін Дәмелі «бейшара қайдан келе алсын» деп іштей қобалжиды, бірак, жұртқа сыр бермеуге тырысады. Салмақты, жайдары жүзбен қуаныш сағатын ынтыға күтеді. Ал әкесі келмей қалған күнде тойды кейінге қалдыруға тағы болмайды. Өйткөн: бүгін той өтісімен, ертең Бекайдар екеуі Балташи қаласына жүрмек. Алматыға Дәмелі мұғалімдердің екі жетілік семинарына шақырылған-ды. Жалғыз бармак еді, Бекайдар айырылғысы келмей, Нұркеден он күнге рұқсат алып өзі апарып қайтпақшы болған.

Стол дайындығы бітер-бітпестен шақырылған жүрт жинала бастады. Барлығы да сәндене киінген. Жұздері ақ жарқын. Кейбіреулерінің қолтықтарында қыз бен жігітке деген сыйлықтары бар. Әне-міне дегенше асхананың жүз кісілік залы адамға лық толды. Үйге симағандар асхананың сыртына қойылған столдарға орналасып жатыр...

Жұрт әбден отырып болған кезде, Нұркे орнынан турагелді. Жұзінде бағанағыдай емес, үлкен қуаныштың сазы білінеді. Ол үстіндегі қыры сынбаған қара костюмінің өніріндегі ордендердің қызылды-жасылды қатар тізілген ленталарын сол қолымен сәл қозғап қойды да:

— Қадырлы қонақтар, бокалдарыңды толтыруларыңды өтінемін! — деді.

Жұрт қозғалып, алдарындағы рюмкаларын ыңғайлай бастады. Стол үсті толған сан түрлі тағамдар. Тарелкатарелка апельсин, лимонмен, Алматының қан қызыл алмалары. Қай жаққа қарасаң да қызылт, сарылт, ақшыл арақ-шарап құйылған ұзынды-қысқалы, томпиган, серейген бөтелкелер...

Жұрт рюмкалары толтырылып болған кезде, Нұркесі:

— Қадырлы қонақтарым, мен бұл алғашкы бакалымды жалғыз ұлым Бекайдар мен келінім Дәмелінің қызығы үшін ішемін! — деді, сөйтті де қолындағы рюмкадағы арақты түбіне дейін ішті де жоғары көтерді.— Бақытты болындар, құлындарым!

Үй іші көбігі көкке шапшыған шампан бөтелкелерінің тарсылы мен біріне-бірін сокқанда шыққан бокалдардың күміс сылдырына толып кетті. Ішілген бір-екі рюмкалардан кейін-ақ, көп кешікпей той қыза бастады. Енді күлкі, қалжың, қуаныш, әзіл — бәрі аралас шықты. Оларға

бокалдардың тынбай соғылысқан сыйлдыры қосылып үй іші гу-гу үнгө бөленді.

Төрде қатарласа Бекайдар мен Дәмелі отыр. Өздеріне жаудырай қараған осыншама көздерден қымсынғандай, екеуі де алдарындағы тарелкеден көздерін алмайды. Әсіресе, Дәмелі. Басын ол дұрыстап әлі бір рет көтерген жоқ. Тек іштегі қуаныш сыртқа теуіп, жұрттың әрбір жылы, құттықтау сөзінен екі беті әлсін-әлсін қызыра түседі. «Рахмет» деп қызыл ерні қубір ете қалады. Ол тіпті мына жұртты жатсынатын да секілді. Оның бұл адамдарды жатсынбасқа да амалы жоқ. Тұрмыстың осы бір жаңа есігін бірінші рет ашуын былай қойған күнде де, осыншама жұрттың арасында әкей-үкей болған Дәмелінің бірден бір досы, не жақын туысы жоқ. Ол бұлардың арасында жаңа адам. Бекайдар да осы отырган көппен біте қайнасып кеткен жан емес. О да бұл кісілермен былтырдан бері ғана таныс. Сондықтан да бұл екеуінің өзгелерден жігі бөлектеу... Бірақ осы бір қатар отырган қара костюмді, сымбатты денелі жас жігіт пен ақ жібек көйлекті, қолаң шашы төгіліп беліне түскен талдырмаш әдемі қыз жұрттың көзін өздеріне үнемі аударуда. Өйткені олар біріне бірі сондай жарасымды, сондай лайықты, дүниеге тек бірі үшін бірі жаратылғандай. Нұркө де мәз-мәйрам. Жайшылықтағы ұстамды ызғарлы пішіннен із де қалмаған. Ұлы мен болашақ келініне қарап, көптен бері аңсап күткен арманы орындалғандай, рахаттана езу тартады. Есік жаққа жұртты күтіп жүрген Елеманға «көрдің бе?» дегендей әлсін-әлі көз тастап қояды.

Той осылай қыза бастаған кезде Нұркенің көзі кенет терезе жаққа түсті де, ұнатпайтын біреуін көрді ме, қабағы тұксияп, қанын ішіне тартып, сұрлана қалды.

Сөйткенше болған жоқ, терезе тұсынан үйге қарай ентелей басып, ілміген ұзын қара кісі өте берді... Устінде есікі әскери шинель, басында көнетоз қоңыр шляпа, аяғында киген батенкесінің жібі де жөндеп байланбапты. Сірә, тойға тез жетсем деп асыққан болу керек, үйге қарай ентелеген түрі солай.

Нұркө есік жақта жүрген Елеманға бірдеме дегенше болған жоқ, әлгі кісі ешнәрсеге кідірместен залға кіріп келді де, есік алдында тоқтай қалды. Жұртқа амандасу, сәлем беру жоқ, шүңірейген өткір көзін Нұркеке қадала бір аударды да, ашулы қатты үнмен;

— Дәмеліжан! — деді.

Дәмелі селк ете қалды да, басын көтеріп есік алдындағы үстіндегі шинелінің жағасы алқам-салқам, белін кендерін жіппен байлап алған, тұрсіз, шоқша сакалды, ұзын бойлы, бүкірейгендеу қара адамды көрді де, орынан атып тұрды.

— Қеке! — деп бұз да дауыстап жіберді. Бірақ қыздың үнінен ашу емес, бір зор махаббаттың, қуаныштың сазы естілді. Дәмелі енді орынан асыға тұрып, столдардың ара-арасымен әкесіне қарай жүрді. Жұрт та есік жакқа самсап қарай қалды. Осынау тұрсіз, жаман киімді, ақылынан шатысқан адамдай көзі шарасынан шыға шатынап тұрған кісіні, жаздың гүлі секілді сұлу қыздың әкесі десуге сенбегендей бәрі аң-таң. Және бұл адамның жер астынан шыққандай, дәл тойдың қыза бастаған кезінде кенет пайдада болуы да бір түрлі құпиялы сыр секілді.

Жұрт қалай көрсе олай көрсін, ал Дәмелі болса жас баладай еркелей басып, әкесін мойнынан құшақтай амандастып жатыр.

— Жұр, қалқам, далаға барып сөйлесейік, — деді Хасен, жұрт қарал тұр ма, қарамай тұр ма, онда еш шарасы болмай, қызының екі бетінен шөпілдетіп кезек-кеzek сүйіп.

Дәмелі ләм-мим деген жок, әкесімен бірге шығып кетті. Жұрт бұрынғыдан да бетер аң-таң. «Бұл не жұмбак?» дегендей бері бұрылып Нұркеге қарады.

Нұрке қабағын шытқан қалпында қозғалмай тұр еді, жұрттың үнсіз сұрағына жауап беру керек екенін сезіп, сөл қымылдады да:

— Тойды жүргізе беріңдер... Қөп кешікпей келер, — деді. Бірақ «қөп кешікпей келер» деген сөзді бір түрлі сенімсіз үнмен, сылбыр айтты.

Жұрт бірте-бірте асқа қайта кірісе бастады. Әлдекімдердің қалжың-әзілдері де естілді. Дегенмен той бұрынғысындай қызып кетпеді. Құттықтап сөйлеу енді орынсыз секілденіп қалды. Бағанадан бері ешинарсеге түсінбей отырған Бекайдар бір сұмдықты сезгендей басын столдан тіпті көтермей қойды.

Жұрт не тарауды, не тойлауды білмей бір сағаттай күткен кезде, үйге жүгіріп бір жас бала кірді. Қолындағы бір жапырақ қағазын апарып Бекайдарға берді.

— Сізге мұғалима апайдан, — деді бала.

— Өзі қайда? — деген біреудің сұрағына бала:

— Папасымен бірге анау жаққа кетіп қалды,— деді де асыға, үйден жұғаре шыға жөнелді.

Бекайдар қолдары дірілдей бүктелген қағазды жайды. Қағазда: «Кешір мені. Біздің тойымыздың бұзылында сен де, мен де кінәлі емеспіз. Жағдай солай болды. Хош бол!» — депті Дәмелі хатында. Жігіт салы суға кетіп, басын жоғары көтеруге де жарамай, үн-тұнсіз тұнжырап отырып қалды. Ешиәрсеге түсінбеген жұрт аңтаң. Тек Еламан ғана «бұл тойдың осылай бітерін біліп едім» дегендей, есік алдында үн-тұнсіз тұр. Жүзінде ешбір абыржығандықтың, әлде таң қалғандықтың белгісі жоқ. Әлден уақытта ғана барып ол:

— Нұке, енді не істейміз? — деді аданың жанына келіп.

Нұркे стол үстінде самсарап тұрған тағамдар мен ішімдікке қөзінің қырын бір аударды да:

— Бұларды итке тастаймыз ба, мыналар ішіп-жесін, — деп сұп-сұр болып үйден шығып кетті.

Не істерін білмеген жұрт орындарынан тұра бастады.

II

Өркештене тізбектелген Алатау. Қекпенбек аспанға иек артып, қар басқан алашабыр тау шындары алыстан көгілдір тарта көрінеді.

Төменде қия тауды бектерлей ирелеңдеп тас жол жатыр. Жолдың екі жағынан бірдей ағызған машиналар. Жол үстінде қолында қабығын сыйырып тастаған ақ таяғы, аркасында таңып алған жол қапшығы бар, сәл сіңкіш, егделеу тартқан бір адам келе жатыр. Әзіршес, оның бет-ажарын ажырату қыын. Біраз жер жүргеннен кейін әлгі адам сәл бөгеліп, тау шынына көз жіберді.

— Жок, бұл жер емес, әріректе болатын. Біздің геологиялық тобымызың ол кезде тау шыңының тіке баурайында еңбек еткен, — деді ол алысқа ойланған қарап.

Көп кешікпей бектерін таңертеңгі алакөлеңке аймалаған тағы бір тау шыңы көрінді. Енді күн нұры шүғыла шашыратса керек еді. Эйтсе де күн шыға қоймай, қазір тау шыңы жаңа ашылып келе жатқан көк аспан аясында әлі де сәл көгілдір-күңгірт елес береді.

Кісі сөзін жалғай тұсті.

— Осында таңертеңгі мезгіл болатын. Таң да осында тәпжылмай мұлгіген шақ еді. Бірақ онда қызарып

күн шығып келе жатқан тәрізді еді гой... Эйтсе де, сол күні мен осы алтын күннің қайта шығып, шұғыла шашыратқанын көре алмай кеткен едім. Енді, міне содан бері жиырма жыл өткенде, сол бір кездегідей таңтертеңгі шақта жол үстінде тұрмын. Тау шыңдарының ұшар басына көз жіберіп: япыр-ау, өңім бе, тұсім бе, бұл? Таңның тауда атқанын қайтадан көргеніме сенейін бе, сенбейін бе? — деймін.

Бұл сөздерді айтқанда оның даусы саңқылдаш шығады. Өзі алпыстарға келіп қалған орта бойлы, мығым, үлкен қой көзді, жазық маңдайлы адам. Бір кездегі сұлу жүзін әжім басқан. Толқындала кейін құлаған ұзын шашы көк буырыл тартқан. Жан-жағына ойланған, қуана қараған көз қарасында бір үлкен сабырлықтың, шыдамды мейірбанды сезімнің сөулесі тұнып тұрғандай.

Осы кезде тау шыңынан шұғыла шашыратып күн де шықты. Зәулім шыңдардың ұшар басындағы аппақ таудай қар күнге шағылысып, құлпыра құбылды. Күн біртіндеп көтеріле берді. Әлем дүниесі масайрап, жандана түсті. Әлгі адам тағы да өзінен өзі сөйлей жөнелді.

— О, тоба, о тоба! Сол бір таңның атып, күннің шыққанын көре алмай кеткеніме міне жиырма жылдан да асып барады екен. Сол бір күннің шығуы менің өмірімдегі ең бір естен кетпес шақ болуы да мүмкін еді гой. Мен дәл сол күні Қазақ тау-кен институтында «геологиялық табыстар» жөнінде лекция оқуға тиісті едім. Оның орнына поезбен Батысқа тарттым. Азаматтық борышымды атқаруға өзім тіленіп майданға аттандым...

Үнінде жан тебірентерлік сезім бар. Эйтсе де, күн біртіндеп көтеріліп, әлем бетінде алтын шұғыласы ойнай бастады да, енді әлгі адам даусы қуана, ширыга шықты:

— Да, асқақтаған Алатауым, сағындым ғой мен сені!

— Да, тау орманым, сенің салқын-самал көлеңкеңде жатпағаным қай заман,— дейді адам. Ол тағы да аяндады.

Енді қалтарыстан көк бүйра тау орманы тұтаса топтасып, оқтай тұзу қарағайлар аспанға шанышыла, кісінің дәл қарсы алдынан шықты. Сайраған құс үні кенет келе жатқан адамның көңілін аударып, ол сәл тоқтап, құмарта тыңдайды да, қайтадан жүре түседі.

— Тастан тасқа секіріп ойнаған тау өзені! Сенің сылдыраған үнінді мен естімегелі қашан! — дейді кісі,

дәл аяғының астында сымырап ағып жатқан тау өзенін көріп.

Аздан кейін әлгі адам алға қарай асыға жүрді. Қасынан зымырап өтіп бара жатқан бір жеңіл машина терезесінен шофер басын шығарып: «Мініңіз, жеткізіп салайын»,— деп айқайлады. Шал езу тартып, «рахмет» деп басын шайқады. Машина кете барды. Сол сәтте екінші бір машина өте шыкты. Машина толы жастар, қыздар шат-шадыман, шырқата салған ән әуезі естіледі. Машина дағылардың бірі шалға бір топ шоқ гүл лактырады. Шал иждиһаттана қуанып, қол бұлғады. Алматыға келіп жетті. Енді қарттың алыстан келген жан екені, аңсаған жерін жаяу кезіл жүргені белгілі болды.

— Амансың ба, сұлу қалам! Сені де көретін күн бар екен гой! — деді ол қуана.

Күн бата әлгі кісі Алматыға кірді. Жасыл ағашқа беленген алып қала шытырман жұлдызы қарамақпал аспан аясында жатыр. Бұтақтарына ақ түбіт ақша бұлт байланғандай, шашақ атқан ақ ғұлдерге оранған алма ағаштары мұлғи, үйқылы-ояу түр.

Көшени қуалай тас арықтар ғылдыр қағады. Толықси туған алтын айдың күміс сөүлесіне шомылған қарлы Алатау қала үстіне төне түскендей. Тізбектелген төрт қабат, үш қабат үйлердің терезесінен кен проспектілерге түскен сан түсті әлектр жарығымен кенсе, дүкен биіктіктерінде бір жоғалып, бір пайда болған, қызылды-жасылды реклама жазулары қаранды түнге бір ғажайып сән береді. Көшеде әлсін-әлсін машиналардың қырылдай шыққан гудогі, трамвайлардың шылдырлаған коңырауы ерсілі-қарсылы жүріп жатқан жастар үлкен шаһардың, теск өзіне ғана тән, салтанатты түнгі өмірінің келе жатқанын ескертеді...

Жаңағы кісі үлкен көшелердің бірінен келіп шыкты. Бұдан жынырма жыл бұрынғы шағын ғана Алматының мұншама өсіп кеткеніне, есекіреп қалған жандай таңда на қарап біраз тұрды да, әлгі адам жанынан өтіп бара жатқан жас әйелден:

— Мейманхана қай жерде?— деп сұрады.

Әйел тоқтай қалды.

— Сізге қайсысы керек еді.

— Қайсысы болса да...

— Сізге жақыны «Қазақстан» болар... Ол осы арадан әлі де үш-төрт көше... Сол жағынызда болады.

— Рахмет.

Кіңі ақсаңдай басып, көп кешікпей Алматының жаңа салынған салтанатты «Қазақстан» мейманханасына келді. Мейманхананың кезекті администраторына қағаздарын көрсетіп бөлме беруін сұрады. Бүйра шашты толықтау келген әйел, жолаушыға мейірбанды көзбен бір қарап:

— Ержанов жолdas, сәл күте тұрыңыз... Бір жарты сағаттан кейін бөлме босайды... Сізге берейін... — деп кісінің қағаздарын қайтарып бере берген кезде, телефон сылдыры ете қалды. Әйел телефонның трубкасын құлагына тосты.— Я тыңдал тұрған меймахана кезекшісі...— Саят экспедициясының жаңадан болған бастығы дейсің бе?— Терезе алдында тұрған жаңағы кісі — Ержанов елең ете қалды. Қезекші әйел қайтадан сұрады.— Фамилиясы кім дейсіз, Жариков Афанасий Семенович? Қай Жариков, Генерал Жариков пе? А-а! Сол кісі ме? Отыз бесінші бөлмеде, Телефоны... Әйел Жариковтың телефон номерін айтты.— Ие, ие, екі-үш күнде кетпекші...— Әйел трубканы орнына қойып, Ержановтың қағазын өзіне берді.— Жарты сағаттан кейін келініз...

Кіңі «рахмет» деді де, анандай жерде тұрған жұмсақ диванға барып отырды.

Бұл кезде отыз бесінші бөлмегегі жұмыр денелі, орта бойлы, толықтау келген, бидай түстес сарғылт шашына ақ кірген, қымыл-жүрісі шапшаң егде жастағы генерал, жалғыз кіслік тар бөлмені ерсілі-қарсылы кезіп жүргенді. Өзі қалың ойда, анда-санда «шекарашибардың» маршын ыңғысып айтып та қояды. Бұл кісі көп жыл шекара қызыметінде болып, жақындаған босанған. Пенсияға шығып, енді үйінде тыныш жатқалы, өзінің туған жері Воронежге жүрейін деп тұрғанында, оны Алматыға шакырды. Бүгін ол сол шақырған кеңседе болып шыққан.

Ұзын бойлы, үлкен мұрынды қазақ қолындағы көрсеткіш таяғымен кабинетінің қабырғасында ілулі тұрған Қазақстанның геологиялық картасын тұрткілей Жариковке:

— Ал бізге сіз секілді жұрт тәрбиелеуде тәжірибесі мол адамдар өте керекті. Өзінізде түсінесіз ғой, Саят секілді қу далада, жұмысшылар арасында тәлім-тәрбие ісі кейде ойдағыдай болмайды,— деген,— Сіздің геология жағынан арнаулы мамандығыңыз болмағанмен, адам тәрбиелеуде тәжірибелі мол ғой, сондықтан біз сізге

токтадық. Осы күнге дейін экспедиция бастығының борышын да, бас геолог қызметін де бір кісі атқарып келген еді. Енді өйтүға сиятын емес. Оның үстіне экспедиция бастықтығына бөтен кісі беріндер, мен өзімнің негізгі жұмысым геология қызметімен бір жолата шұғылданайын, деп Нұрке Әжімовтың өзі де бірнеше рет өтінді.

— Әжімов дейсіз бе? — Жариков ойланғанда қалтасынан күнделік дәптерін алғып, керек бетін ашып: — Әжімов Нұрке «Жарқын өнірін зерттеу негіздері» кітабының авторы,— деп оқып шықты да, қайтадан сұрады.— Осы кісі ме?

— Дәл өзі,— деді күле жауап беріп анау.— Бір тамаша адам. Эрине оны жек көретіндер де бар. Қызметте тым қатал. Жұрттың бәрін де өзі секілді жұмысты жантәнімен істесе екен дейді. Ал өзіне келсек... Отан, партия жүктеген борышты орындаимын деп жеке басының қамын ойламаған адам. Сондықтан да бірінші әйелі ерте қайтыс болса да, осы уақытқа дейін үйленген жок. Бар билетіні жұмыс, лаборатория, спектограммалар, геологиялық анализдер... Кешегі өзінің жан аяmas жолдасы және оқытушысы Ержановты жоқтатпаған инженер.

— Ержанов кім?

— Әжімовтың оқытушысы, қазақтың алғашқы дарынды кен зерттеушілерінің бірі... Осы уақытқа дейін тірі тұрғанында, атақты ғалымпаздарымыздың бірі болатыны сөзсіз еді...

— Сірә, қайтыс болған ғой?

— Ие, соғыстан жаралы болып келіп, Қыыр солтустікте қаза болыпты...

— Қайдан білейін...— деді аздан кейін Жариков.— Жас кезімде кен зерттеу институтын бітіргенмен бар өмірім шекара да басқа қызметте өтті ғой. Әжімов секілді білгір адам, мені тәжірибесі жоқ деп жүрмесе...

— Сіз Әжімовті білмейді екенсіз ғой. Оған сіздің тәжірибенің емес, жүргегіңіз, адамгершілігіңіз, бұқара жүртпен жұмыс істей ала білуіңіз керек. Тәжірибе, білім өзінде де жеткілікті.

— Жарайды, олай болса көндім,— деп Жариков уәдесін берді.

Казір Афанасий Семенович. «Осы көнуім дұрыс болды ма?» деген қалың ойда жүрген-ді. Мұнысы алдағы қындықтан қашу емес, тек тапсырылған міндеттемені аброймен орындаі алсам жарап еді деген қобалжу еді.

Кенет телефон шылдыр ете қалды.

Афанасий Семенович асықпай барып телефонның трубкасын алды.

— Ие, тыңдал тұрған Жариков, сәлеметсіз бе?.. Ие, ие, бір екі күнде жүрмекпін. Мені ала кетсеңіз қайтеді дейсіз бе?— Генерал сәл кідірді.— Faфу етіңіз, Ержанов жолдас, менің де машинам жоқ, өзім де о жаққа бірінші рет жүргелі тұрмын... Оқасы жоқ... Оқасы жоқ... Кош болыңыз.— Афанасий Семенович телефонның трубкасын орына қойды да, сәл ойланып тұрып қалды.— Ержанов? Бұл қай Ержанов?— деді ол ақырын күбірлеп. Осы кезде телефон қайтадан шылдырлады.

— Ие, ие, тыңдал тұрған Жариков,— деді ол трубканы асыға алып,— жоқ, генерал Жариков емес, Саят экспедициясының бастығы Афанасий Семенович Жариков. Саяттан келдім дейсіз бе? Кімбін дейсіз?— Жариковтың жүзі өзгере, телефонға таяй түсті.— Елеман Құрманов? Экспедиция жабдықтау бөлімінің бастығысыз ба? Өте жақсы, өте жақсы, машинаңыз болса бірге жүрге қарсылығым жоқ... Қашан кіріп шыққыңыз келеді? Қазір?.. Рахым етіңіз, Өтінемін...— Жариков трубканы қоя салып, қайтадан телефон соқты.— Буфет. Отыз бесінші бөлмеге екі кісіге лайық тағам, аздаған конъяк әкелінізші. Қонақ келетін еді. Жоқ, жоқ... Жеңіл ғана... шай, бутерброт... тағы сол секілді бірдемелер...

Генерал трубканы тастап, қалтасынан күнделік дәптерін алып, «Елеман Құрманов — Саят экспедициясының жабдықтау бөлімінің бастығы»,— деп жазды да, сәл ойланған қалып құлімсіреді.— Бұл менің жаңа қызметтіммен байланысты бірінші танысқалы тұрған адамым.

Аздан кейін біреу есік қақты.

— Кіріңіз.

Үйге Елеман кірді. Ол әнеугі тойдағыдай киінбеген, үстінде галифелі әскери гимнастерка, белін жалпақ қайыс белбеумен қынай буып алышты. Аяғында етік. Жүріс-тұрысы ықшамды, шапшаң. Бір кезде әскери жұмыста болғаны көрініп тұр.

— Рұқсат па, жолдас генерал?— деді ол есік алдында солдатша қолын көтеріп, аяғын тық еткізіп.

— Рұқсат, рұқсат,— деді Жариков құлімсірей, орындық ұсынып,— жоғары шығыңыз...

Сөйткенше қызметші әйел подноспен кешкі шай мен екі кіслік жеңіл тағам әкелді. Конъякты кішкене графин-

те қүйыпты. Бұлар шай іше отырып, әңгімеге кірісті. Елеман бұрын өзінің әжептәуір үлкен қызметте болғанын да айтты. Ол жұмыстан бір жағынан жасы келіп, екінші жағынан «жаңа жағдайлармен байланысты» болсанғанын ескертті. Қазіргі істеп жүрген қызметіне де көнілі толатынын болашақ бастығынан жасырмады. Сырын ақтарып, адап әңгімелесіп отырған осы бір жігіт Жариковке үнап та қалғандай. Сөз төркініне қарағанда басынан талай өмір өткізген адам екенін генерал бірден түсінді.

— Эйтеуір пенсия алып шықтыңыз ба қызмет істеген жерінізден? — деп сұрады, өйткені ол Елеманның түрінен оның жасының келіп қалғанын аңғарған еді.

— Жоқ,— деді Елеман сырын жасырмай. Айран ішкен құтылады да, шелек жалаған тұтылады дегендей, кей жағдайда бастықтардың істегеніне бағынушылардың айыпты болатыны бар фой,— ол сәл кідірді.— Біреу айтқан екен құларымды білсем, астыма шөп төсемес пе едім деп... Кім білген өмірдің мұндай болатыны... Біз секілді сенімпаз бейшаралар жазамызды тарттық... Бізге сол керек! — Енді ол ауыр курсінді.— Оқасы жоқ, бәрі артта қалды. Адал істесен, кішкентай жұмыста да халқың тани біледі фой.

Жариков қайталап ешнэрсе сұраған жоқ. Енді олар экспедицияның жағдайына көшті. Елеман көп нәрсені баяндай келіп, сөзінің аяғында:

— Экспедицияның тұрған жері астанадан шалғай, дала... Боран-шашыны да аз болмайды. Керегін кейде жеткізе де алмайсың,— деді салмақпен.— Бір жақсы же рі экспедиция бастығы Нұркө Әжімов дұрыс адам, жағдайға түсінеді.— Қенет Елеман Жариковке сенімді көзқараспен құлімсірей қарап,— жас кезімізде бірге өстік, мүмкін содан болар, әйтеуір өзіме жайлы,— деді.

— Өзі қатты адам дейді ғой?..

Елеман «мұны қайдан естіп қалды екен?» деген пішінмен сәл ойлана түсті де, салмақты үнмен жауап берді.

— Қатты дейтін бәлендей қатты да емес. Тек жүрттан тәртіпті, тынақты болуды көбірек талап етеді. Мүмкін сондықтан да шығар... Қөпке бірдей үнай беру оцай ма!..

— Әрине, ондай жерде жұмыс істеу оцай емес, мен оны жақсы түсінем,— Жариков қенет ойына бірдене түскендей, Елеманға бұрыла қарады.— Ержанов деген кім?